Бекітемін
Ақмола облысы білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
«Атбасар қаласының №7 жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ директоры
______________Алкенова Н.А.

**«Дос болайық!» 5 күндік апталық жоспары**

*(Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу)*

| Күн | Іс-шара атауы | Сынып | Мақсаты | Қажетті материалдар | Өткізу нұсқаулығы (толық) | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-күн | **Апталықтың ашылуы «Біз – достық елшілеріміз!»** | 1–11 сынып | Оқушыларды апталықпен таныстыру, достық, құрмет құндылықтарын күшейту | Баннер, слайд, достық анты, музыка | 1) Жүргізуші апталық мақсатын таныстырады. 2) Буллинг пен кибербуллинг не екенін қысқаша түсіндіреді. 3)«Достық антын» бірге айту. | Апталықтың маңызын түсінеді, эмоционалды қолайлы атмосфера қалыптасады |
| 2-күн | **Тренинг «Біз бір командамыз!»** | 3–11 сынып | Эмпатия, қарым-қатынас, жанжалсыз әрекет дағдыларын дамыту | А4 қағаз, маркер, стикер, шар | 1) Жылыну ойыны «Шеңбердегі тілек». 2)Жағдаят талдау: буллинг жағдайларын шешу. 3)«Дос қолы» постері – әр бала алақанын салып достық ережесін жазады. | Оқушылар бір-бірін тыңдауды, қолдауды үйренеді |
| 3-күн | **Кино күні «Буллингсіз өмір»** | 1–11 сынып | Балаларға буллинг салдары туралы түсінік беру | Проектор, экран, бейнефильмдер (жас ерекшелікке қарай) | 1) Сыныптар бойынша фильмдер көрсету:1–4 сынып – қысқа мультфильмдер; 5–8 сынып – тәрбиелік фильмдер; 9–11 сынып – әлеуметтік роликтер. 2) Фильмнен кейін талдау: «Не үйрендік?» «Не істеу дұрыс?» 3)Қорытынды: «Дос болайық!» үндеуі. | Оқушылар буллингтің зиянын түсініп, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді |
| 4-күн | **Квест-ойын «Қауіпсіз интернет»** | 5–11 сынып | Кибербуллингтен қорғану, қауіпсіз онлайн мінез-құлық қалыптастыру | Квест бекеттері: тапсырмалар, QR-кодтар, постер, ноутбук | 1) Мектеп ішінде 5 бекет әзірленеді (Киберқауіпсіздік ережесі, Фейк не? Құпия сөз, Онлайн мәдениет, Қорғану алгоритмі). 2) Топтар карта алады. 3) Әр бекетте тапсырманы | Онлайн қауіпсіздік ережелерін меңгереді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | орындап белгі жинайды. 4) Соңында «Киберкауіпсіздік сертификаты» беріледі. | |
| **5-күн** | **Қорытынды фестиваль «Достық жапырақтары»** | 1–11 сынып | Достық мәдениетін нығайту, апталықты қорытындылау | Постер «Достық ағашы», түрлі-түсті қағаз жапырақтар, маркерлер | 1) Әр сыныпқа жапырақ беріледі. 2) Әр оқушы достық туралы бір жақсы сөз немесе тілек жазады. 3) Барлық жапырақтар үлкен ағашқа жапсырылады. 4)Марапаттау: «Жылдың досы», «Мейірімді сынып». 5)Қорытынды сөз, суретке түсу. | Мектепте достық, қолдау, сыйластық атмосферасы қалыптасады |